**Автор**: БРАЛИНА ТАҢШОЛПАН ТАҢАТХАНҚЫЗЫ
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Талқылаймыз және бағдарламаны жасаймыз
**Тақырып**: Scratch ойын программалау ортасы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | • Scratch ойын программалау ортасы туралы білімдерін еске түсіру, қайталау. • Программалау ортасында берілген операторларды қолдана отырып тәжірибеде қолдану. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: • Әр блоктың командаларымен және оның қызметтерін еске түсіреді; Оқушылардың басым бөлігі: • Біліп үйренгендерін еске, түсіріп берілген тапсырмаларды орындау. Кейбір оқушылар: • Түсінеді, талдайды, білімін қолданады: әр блоктың командаларымен жұмыс жасайды. • Білімін жинақтайды, рефлексия жасайды: блок командаларына берілген тапсырмаларды практикада орындайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Scratch-скретч-скретч Programm-программа-программа Блок-блок-block |
| Бағалау критерийлері: | Түсіну Әр блоктың командалары және олардың қызметтерін түсіндіреді. Қолдану Блок командаларына берілген тапсырмаларды практикада қолдана біледі Бағалау Өзін-өзі бағалайды, өзара бағалайды, өзге топты бағалайды |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | «LearningApps», интербелсенді тақта, компьютер, презентация. |
| Пәнаралық байланыс: | Бейнелеу өнері, ағылшын |
| Бастапқы білім: | Менің алғашқы программам |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (7 мин) | 1.Білім алушылармен амандасу, түгендеу. Сәлеметсіздерме балалар! Көңіл-күйлеріңіз қалай? Сыныпта жағымды ахуал орнату үшін «Ыстық алақан» ұйымдастыру. Оқушылар жұптасып, бір-бірімен алақандарын түйістіреді де, жұбына жылы лебізін білдіріп, жағымды сөздер айтады. Түрлі түсті «Puzzle» қималарындағы жазуды құрау арқылы топтың атын тауып орындарына отырады. I топ «Спрайт» II топ «Айнымалылар блогы» III топ «Блоктар палитрасы». 2.Өткенді қайталау. LearningApps бағдарламасын пайдалана отырып, оқушылар сөзжұмбақты шешеді.<br>2.Өткенді қайталау. LearningApps бағдарламасын пайдалана отырып, оқушылар сөзжұмбақты шешеді. | «Puzzle» қималары https://learningapps.org/watch?v=pyn3navta19 |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(28 мин) | 3.Жаңа тақырып: Бейне жазба. « Scratch бағдарламалау ортасы» Мақсат: жаңа тақырып бойынша берілген бейне жазбаны өздігінен игеру, өзін-өзі оқыту және өзара оқытуды жүзеге асыру.<br><br>4. Топтық жұмыс:«Постер қорғау». Мақсат: Scratch бағдарламалау ортасын түсіну, спрайт, айнымалылар болгы, блоктар палитрасы ұғымын анықтау және тәжірибелік сабақта қолдану.<br><br>5.Жеке жұмыс: Мақсат: Scratch ойын программалау ортасымен жұмыс жасауды үйренеді. Біліп үйренгендерін қолданып, практикалық түрде берілген тапсырмаларды орындайды.<br><br>6.Жұптық жұмыс «Сәйкестендіру» Мақсат: LearningApps бағдарламасында компьютерде оқушылар жұппен отырып сәйкесін табады. Сипаттамасы: Компьютерде оқушылар жұппен отырып әр блоктың командаларыменжәне олардың қызметтерімен сәйкестендіреді. Блоктармен жұмыс жасайды. | https://www.youtube.com/watch?v=CXFUpr4atMU<br><br>Scratch программалау бағдарламасы<br><br>https://learningapps.org/watch?v=p2xb4hyx519 |
| Сабақтың соңы<br>(2 мин) | Бағалау критерийлерін еске түсіріп, бүгінгі сабақты оқушылар қаншалықты түсінгенін сұрақтар арқылы сұрау. | |
| Рефлексия<br>(3 мин) | Үшминуттық үзіліс арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін карточкаларға жазады.Үшминуттық үзіліс арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін карточкаларға жазады.<br><br>Үйге тапсырмасы:21 параграф оқу | |